

ҚАЗҰУ-ДЫҢ ӘР ЖЫЛҒЫ ТҮЛЕКТЕРІ БАС ҚОСТЫ



26 мамырда әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да «Түлектер күні» өтті. Бұл күні университетті әр жылдары тәмамдаған экс-студенттер бас қосты. Биыл сегізінші рет аталып отырған бұл мерекеге мемлекеттік құрылымдардың, ғылыми қоғамдастықтың отандық және алыс-жақын шетелдердегі серіктес ЖОО-лар өкілдері, оқытушылар және студенттер келді. ҚазҰУ өзінің түлектерімен мақтанады. «ҚазҰУ Түлектерінің күні» мерекесі – ұжымдық рухты нығайтып, бекітуге және ынтымақтастықты арттыруға негіз болады. Биылғы оқу жылында ҚазҰУ-дан бес мыңға жуық жас түлеп шығады. Бүгінде 16 факультет бойынша кадрлар даярлайтын университет отандық және халықаралық білім кеңістігінің алдыңғы қатарында.

Биылғы салтанатты шарада түлектер, алдымен, ҚазҰУ қалашығындағы «Мәңгілік Ел» студенттер мен түлектердің салтанатты қақпасының алдында жиналды. Жиналған көпшілік «Тайқазан» және әл-Фараби алаңындағы «Мәңгілік Ел» субұрқтарының ашылуына куә болды. Жылдағы дәстүр бойынша әл-Фараби ескерткіші мен академик Өмірбек Жолдасбековтің монументіне гүл шоқтарын қою рәсімі жасалды. Салтанатты жиынның негізгі бөлімі Студенттер сарайында жалғасты. Әр жылғы түлектердің бас қосуы «Гаудеамус» студенттік әнұранмен бастау алды. Ректор, академик Ғ.М. Мұтанов баяндама жасап, өз құттықтауында ректор: «Түлектер күні өте маңызды мейрам, шоқтығы биік

шара. Бүгін түлектеріміз алдыңғы аға буын түлектерімен бірдей деңгейде – ҚазҰУ түлектері ретінде бас қосып, сол кісілердей болуға үлгі-өнеге алатын үлкен шарада жиналып отырмыз. Халықаралық тәжірибеде, түлектерді университеттің дамуына мықты күш ретінде тартады. Сол негізде университетті дамытып, университет арқылы қоғамның, білім-ғылымның дамуына үлес қосады. Біз де сол үрдісті өз тәжірибемізге енгізіп, болашақты бірге қалауда сол дәстүрді қолға алып келеміз», - деп атап өтті. Бұл күнгі қуанышқа жан-жақтан келген құттықтау хаттар да көп болды. Заң факультетінің 1981 жылғы түлегі, ҚР Конституциялық Кеңесінің Төрағасы Қайрат Мәми, осы факультеттің 1987 жылғы түлегі,

ҚР Жоғары Сот Төрағасы Жакып Асан, 1987 жылғы түлек, ҚР Сыртқы істер министрі Қайрат Әбдірахмановтардың жылы лебіздері оқылды. Сонымен қатар ҚР Білім және ғылым министрлігінің атынан министрліктің жауапты хатшысы, с.ғ.д., халықаралық қатынастар факультетінің түлегі Арын Орсариев сахна төріне көтеріліп, құттықтауын жеткізді.

Салтанатты шарада университеттің әр жылғы түлектері ҚазҰУ қалашығында ерікті журналар есебінен «Мәңгілік Ел» архитектуралық кешенді стеласын тұрғызуға өздерінің қаржылай демеушіліктерін танытып, студенттерге шәкіртақылар ұсынды. Өмірде жолдарын тауып, мансап құруларына ҚазҰУ табалдырығында алған білімнің зор пайдасы тигенін атады. Мәселен, «Президент және халық» газетінің бас редакторы Марат Тоқашбаев: «елді-жерді аралап, халықаралық алаңдарда бой көрсету – университет білімінің ашқан даңғыл жолы» деп бағалады. Өз кезегінде университеттің әр факультеттерінің түлектері, факультет декандары және бұқаралық ақпарат құралдарының бас редакторлары да сөз алды.

Өз кезегінде қарашанырақ әріптестік байланыс орнатып, төл университетінің дамуына қолдау танытып жүрген өз түлектеріне ҚазҰУ-дың мерекелік медалін табыс етіп,

«Құрмет грамоталарын» ұсынды. Оқуда озат, қоғамдық жұмыстарда белсенділік танытқан Қазулық биылғы үздік бітірушілер де университет басшылығы тарапынан «Құрмет грамоталары» мен құнды сыйлықтарды иеленді. Беделді білім ордасынан алған ілім-білімге алғыстарын жеткізіп, «ҚазҰУ Түлегі» атағын биік ұстауға ант берді. ҚазҰУ Түлектер Қауымдастығы Президумының жауапты хатшысы, 1982 жылғы заң факультетінің түлегі Әмірхан Естаев қауымдастықтың есебін жасады. ҚазҰУ студенттеріне жыл сайын түлектер мен серіктестер тарапынан қаржылай қолдау жасалатындығын айтып, соңғы үш жылда 1310 студент 343 миллион көлемінде шәкіртақы иеленгенін жеткізді.

Сондай-ақ бағдарламада Альма-Матердің жетістіктері жайында фильм көрсетілді. ҚР Халық әртісі Мұрат Серкебаевтің жетекшілігімен Алматы қаласы симфониялық оркестрінің концертіне ұласты. Салтанатты жиында Жәмилә Серкебаева да концерттік бағдарламасын ұсынды. Түстен кейін түлектермен кездесу факультеттерде жалғасты. ҚазҰУ Түлектерінің күні дәстүр бойынша әл-Фараби кітапханасындағы кешкі Балмен аяқталады.

Саягүл ӘЛІМБЕКОВА
Жалғасы 8-бетте

БҮГІНГІ САНДА:

ВЫСОКАЯ
НАГРАДА



2-стр.

OUR REAL
ACHIEVEMENTS

4-page



ПРОФЕССИЯ
МЕТЕОРОЛОГ-СИНОПТИК

7-стр.



ВЫСОКАЯ НАГРАДА

Президент Республики Корея Мун Джэ Ин наградила ректора КазНУ им. аль-Фараби академика Галыма Мутанова медалью.



Выступающие на форуме отметили возрастающую миротворческую роль Казахстана и высокое доверие к нему на международной арене. И то, что в работе форума, который прошел в КазНУ после недавней встречи глав двух государств

Корейского полуострова, приняла участие делегация КНДР, свидетельствует о большой значимости мероприятия в мирном процессе объединения Севера и Юга.

ПРЕСС-СЛУЖБА

■ ҚЫСҚА-НҰСҚА

Эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің механика-математика факультеті механика кафедрасының 3 курс докторанттары Данияр Айжулов пен Максат Құрмансейіт Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттіктің (АЭХА) гранттарын ұтып алды.

Әр докторантка берілген грант мөлшері 1300 еуроны құрайды. Бұл гранттар маусым айының 25-29 аралығында Австрияның Вена қаласында өтетін «International Symposium on Uranium Raw Material for the Nuclear Fuel Cycle: Exploration, Mining, Production, Supply and Demand» халықаралық симпозиумына докторанттардың қатысуы үшін берілді. Аталған форумда докторанттар «Stochastic modelling of uranium roll-front deposits based on streamline simulation» тақырыбында баяндама жасайды деп күтілуде.

Команда студентов-химиков КазНУ им. аль-Фараби стала призером республиканской предметной олимпиады.

В Южно-Казахстанском государственном университете им. М.Ауэзова прошла республиканская предметная олимпиада среди студентов вузов страны по специальности «Химическая технология неорганических веществ».

Команду КазНУ под руководством ассоциированного профессора Х.С. Тасибекова представляли студенты факультета химии и химической технологии Канат Бекназаров, Аким Ергешев и Нурсая Жумабай.

Олимпиада состояла из двух туров: тестирования на знание предметов по специальности и защиты научно-исследовательских и опытно-конструкторских работ. По итогам конкурса в общекомандном зачете наши студенты заняли почетное II место.

Эл-Фараби атындағы ҚазҰУ шығыстану факультеті Қиыр Шығыс кафедрасы жапонтану бөлімінің 4 курс студенттері эдвайзерлері М.Т. Шадаевамен бірге Алматы қаласының «Құлагер» ықшамауданында орналасқан 148 мектеп-гимназияда жоғары сынып оқушыларымен кездесу өткізді.

Кездесу бейресми жағдайда, еркін форматта өтті. Алдымен сөз алған Қиыр Шығыс кафедрасының аға оқытушысы М.Т. Шадаева шығыстану факультеті, ондағы жапонтану бөлімі жайлы айта келіп, Жапон елін ойын-сұрақ түрінде таныстыратын қызықты презентация ұсынды. Бұл оқушылардың қызығушылығын оятып, екі арадағы әңгіменің қызықты өрбуіне ықпал етті. Қызықты фактілер мен мәліметтерді Цукуба университетінде оқып қайтқан Мошкәл Мадина, Хиросима, Киото қалаларына жасаған екі апталық сапары жайлы Альбина Тұрсынбаева және 4 курс студенті Исламбек Диар алғаш рет шет елге шығуға мүмкіндік берген HUSTEP (Hokkaido University Short-Term Exchange Program) бағдарламасы туралы және сол бағдарлама аясында Жапонияға барып қайтқан сапары туралы, Жапонияның оқу-ағарту саласындағы ерекшеліктері туралы, жана мәдени ортаға ыңғайлану, үйренісу процесі туралы баяндады.

Жоспарланған презентациялар сәтті таныстырылғаннан кейін, студенттер университет туралы және шығыстану факультетіне оқуға тапсыруға қатысты оқушылардың сұрақтарына жауап берді. Оқушыларды негізінен шығыс тілдерін оқып-үйрену процесі мен шетелде оқуын жалғастыру сияқты мәселелер көбірек қызықтыратыны байқалды. Сонымен қатар, оқу бітірген соң жұмысқа тұру, шет елде жұмыс табу мәселелері, шығыс тілдерін оқып-үйренудің болашақтағы маңыздылығы да талқыға түсті.

В Бангкоке завершился Чемпионат Азии по боксу среди молодежи. Он стал успешным для боксеров Казахстана, завоевано 10 медалей различного достоинства.

В числе победителей студентка Казахского национального университета имени аль-Фараби Гузаль Садыкова, она стала сильнейшей в весовой категории 81 кг., пополнив копилку Казахстана золотой медалью.

Результат выступления казахстанских боксеров оставил далеко позади всех соперников по континенту. Все призёры получили лицензии и отправятся на молодёжный чемпионат мира, который пройдёт в августе 2018 года в Венгрии.

■ РЕКТОРАТ

Кезекті ректорат мәжілісі дәстүр бойынша үздік студенттерге шәкіртақы табыстаумен басталып, күн тәртібіндегі сұрақтарға ұласты.

Ресми бөлімде ең алдымен Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры Таңсулу Мирасбекқызының ағымдағы емтихан сессиясының барысы және жазғы семестрге дайындық туралы хабарламасы тыңдалды. «Биылғы емтихан сессиясы әдеттегідей мамыр айының оны мен жиырма алтысы аралығында өтті. Бакалавриат, магистратура, докторантура бойынша жалпы 5050 білім алушы емтихан тапсырды. Нәтижесінде білім алушылардың үлгерімдері анықталып емтихан академиялық күнтізбеге сәйкес жүргізілді. Академиялық күнтізбе және оқу бағдарламасы жоғары білім беру мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттар негізінде әзірленген. Сессияда қолданылған мәтіндік тапсырмалар мен емтихандық билеттер, университет кафедраларындағы эксперттік комиссия бағалау процедурасынан өтіп, факультеттің оқу әдістемлік кеңесінде бекітіліп, Оқу процессін ұйымдастыру және бақылау департаментіне жіберіліп отырғанын атап айтты. «Барлық емтихандар ауызша, жазбаша және компьютерлік тестілеу түрінде бейне камералармен жабдықталған аудиториялар мен дәрісханаларда жүргізілді. Емтихан сессиясының барысын бақылап, мониторингін жүргізу мақсатында білім беру үдерісінің мониторинг бөлімінің, академиялық мәселелер жөніндегі департаменттің, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру институтын қызметкерлерінен, факультет декандары мен декан орынбасарлары және басқа да жауапты тұлғалардың ішінен арнайы жалпы университеттік және факультеттік жұмыс комиссиялары құрылды», - деді директор. Сондай-ақ ол ағымдағы жылғы емтихан сессиясын өткізу бойынша әр факультет көрсеткішіне жекелей сараптама жасап, емтихан тәртібін бұзған білім алушылар,

КЕЗЕКТІ МӘЖІЛІС



академиялық борышы бар студенттердің өткен жылғы пайыздық үлесі мен университет студенттерінің оқу жетістіктері динамикасына жекелей тоқталып өтті.

Ректорат мәжілісінде сонымен қатар, кезекте білім алушылардың кәсіби тәжірибелерін ұйымдастыру және 2018 жылғы түлектерді жұмысқа орналастыру туралы мансап және кәсіби даму орталығының директоры Илья Севрюгин баяндама жасады. Оның айтуынша, 2017 жылы бітірген түлектердің бакалавриат бойынша 76%,-ы, магистратура 80%-ы, докторантура бойынша 98%-ы тұрақты жұмысқа орналасқан. «Түлектерді жұмысқа орналастыру және жұмыс берушілермен өзара іс-әрекет ету мақсатында жыл сайын университетімізде "Бос орындар жәрмеңкесі" ұйымдастырылады. Осы жәрмеңкеде жұмыс берушілер қауымдастығы кәсіпорындармен байланыста болып, жұмыс орындары анықталып, түлектерінің қажеттілігі анықталады. Түлектердің жұмыспен қамтылуын көтеру үшін жыл сайын жұмыс берушілер сауалнамасы, факультетте, кафедрада жүзеге асырылатын білім беру бағдарламаларының мазмұнына, сондай-ақ мамандарды дайындау деңгейі бойынша еңбек нарығына мониторинг

жүргізіледі. Жұмыс берушілер пікірін ескере отырып қалыптастырылатын мамандықтар бойынша элективті пәндер каталогына ерекше назар аударылады. Барлық тәжірибе түрлерін ұйымдастыру процесінде жұмыс берушілермен байланыс жақсы жолға қойылғанын айта кету керек», - деді Илья Севрюгин. Сондай-ақ ол барлық факультет оның ішінде мамандықтар бойынша жұмысқа орналасқан түлектердің пайыздық көрсеткіштеріне жекелей сараптама жасап, білім алушылардың кәсіби тәжірибелік ұйымдастыру бағытына да баса назар аударды.

Сонымен қатар жиын барысында ҚР Ұлттық ядролық орталығының бас директоры Ерлан Ғәділетұлы Батырбековтың 2018 жылғы 16-18 мамыр аралығында ҚР ҰЯО жас ғалымдары мен мамандарының ғылыми-зерттеу және тәжірибелік конструкторлық жұмыстар бойынша өткен XVII конференция-байқауына ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанов және университет өкілдерінің белсенді қатысканы үшін білдірген алғыс хаты оқылып, жиын соңында өзге де өзекті мәселелер талқыға салынды.

Айнұр АҚЫНБАЕВА

ТАРИХ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ДАМУЫНА СҮБЕЛІ ҮЛЕС ҚОСҚАН ҒАЛЫМ



«Ғылым» атты әлемнің табалдырығанан өз бетімен, өз күшімен алғаш рет аттаған болатын. Абай атындағы ҚазПИ сынды алғашқы оқу ордасы оның ұстаздық жолын айқындап берсе, инемен құдық қазғандай аса қиын ғылым жолына жас өскінді итермелеген бойына ана сүтімен дарыған таланты еді. Ол еңбек – бәрін де жеңбек қағидасын берік ұстанған азамат. Өзі үйрене жүріп, шәкірттеріне үйретуден де еш жалықпаған Талас Омарбеков тарих ғылымында өз мектебін қалыптастыра білді.

Өзінің дәрістеріне тиянақтылықпен қарап, әр баланың сабақты қабылдауына жете мән беріп, сабақтың тартымды да, қызықты болып өтуіне үлкен көңіл бөледі. Жасыратыны жоқ Талас ағайдың бүгінгі күнге дейін дәрістері тартымды, өзекті мәселелерді

қозғай отырып, оны шешу жолдарын да ұсынып, шәкірттерімен үнемі пікір алмасып, жаңашылдығын жоғалтпаған. Ол студенттер мен жас ғалымдарға кеңестерін беріп, олардың пікірін тындап, дұрыс жолға бағыттап отырады. Қазақстан тарихы кафедрасының ұжымына студенттерге жақын болуды, олардың пікірін біліп, жағдайына түсіністікпен қарауға шақырады. Бұл Талас ағайдың ұстаздығымен қатар кішіпейілділігі, адамгершілігі мен имандылығының жоғары деңгейде екендігін көрсетеді.

Талас Омарбеков жастайынан тәрбие, ата-ана, мектептегі, ЖОО бала тәрбиесі, оқу құралдарын жазу әдістері мен көрнекі құралдарды пайдаланудың тиімді әдістері туралы қалам тартып, қазақ баспасөз беттерінде үздіксіз жариялаған болатын. Маңыздылығы өте жоғары бұл мақалалардан мектептегі мұғалімдер мен ЖОО ұстаздар үлгі алды.

Ғалымның ұстаздықпен қатар ғылыми-зерттеушілік бағыттағы еңбектері де құнды. Атап айтсақ, 1929-1931 жж. ұжымдастыруға қарсы наразылық тарихына арналған «Зобалаң», «20-30 жылдардағы Қазақстан қасіреті», «XX ғасырдағы Қазақстан тарихының өзекті мәселелері», этникалық зерттеулер жиынтығына кіретін қазақтың ру-тайпаларына арналған «Арғын, Керейт, Кердері» және «Голодомор в Казахстане: причины, масштабы и итоги (1930-1933)». Көптеген ғылыми, көпшілік оқырмандарға арналған ұлттымыздың саяси-әлеуметтік ахуалы мен тағдырын сөз ететін «Тарихи тәлімі», «Азаттық жолындағы айқас», «Жылымық алдындағы ызғар», «Ғасырдың басты оқиғасы», «Зиялы қауым неге қуғындалды?», «Қазақтар шыбындай қырылып жатыр», «Талапайға түскен тарих», «Жазықсыз

жапа шеккендер», «Аштық алапатын анықтай алдық па?», «Ашаршылық апаты» сынды мақалалардың авторы. Талас Омарбековтың қай мақаласын алып қарасаңыз да ашы шындықты сөйлейтін, өзіндік идеясы және стилімен ерекшеленетін, проблеманы қозғай келе, оның шешу жолдарын атап көрсетумен-ақ оқырман көңілінен шығып, талай сыннан сүрінбей өткен. Тарих ғылымында туындаған іргелі мәселелерді шешіп, Қазақстанның ежелгі және ортағасырлар, жаңа және қазіргі заман тарихына арналып жазылған ғылыми-зерттеу еңбектері қазақ елінің абырой-беделін асқартатып, білім ордасының дамуына зор үлесін қосып отыр. Осындай ұстаздың мектебінен өткен әр бір шәкірттің рухани кемелденуіне, толысуына, білім, таным көкжиегінің кеңеюіне нық сенімдімін. Талас Омарбеков көп ғалымдар арасында ерекше сыйға ие, факультеттің мақтанышы, ғылымда өз орны бар, сөзінің салмағы бар ерекше тұлға. Еліміздің қайсыбір БАҚ құралдарын алып қарасаңыз да барлығы Талас ағайдан сұхбат алуға, ғалымның пікірін білуге асығып тұрады. Тек тарихшылар арасында ғана емес, көзі қарақты кез келген Қазақстан азаматы Талас Омарбековтың сүбелі еңбектерін, өзекті де проблемалық мақалаларын оқып, ғалымның жоғары адамгершілігі мен қарапайым болмысы жайлы біледі. Талас Омарбековтың тарихымызды зерделеп саралауға қосқаны да, қосары да мол ғалым.

**Ж.Е. ЖАППАСОВ,
Н.А. ТАСИЛОВА,**

*Қазақстан тарихы кафедрасының
доценттері, т.ғ.к.*

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті тарих, археология және этнология факультеті Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі, тарих ғылымдарының докторы, профессор Талас Омарбекұлы Омарбековтың керемет ұстаздық шеберлігімен, табиғатынан туа біткен кемелділігімен талай жас ғалымдардың «ғалым» болып қалыптасуына сіңірген еңбегі мол екенін мойындаймыз. Ел аузынан аты түспейтін Талас ағайдан көптеген студент пен жас ғалымдар тәлім-тәрбие алып, білім нәрімен сусындады. Ол жаңаша сабақ беру әдіс-тәсілдерін, оны қызықты және пайдалы етіп өткізудің жолдарын, тың деректер мен ғылыми зерттеулердің негізінде тарихты жазып, маңызды тақырыптарға дәрістер мен семинар сабақтарын дайындауды үйретті. Ұстаздық ұлағатымен, әкелік мейірімі мен ағалық қамқорлығымен талай жастарға, ғылым кандидаттары мен докторлардың өмірден өз жолдарын тауып, өз орындарын анықтауына көмектесті.

Талмай ізденіп, ғылымға тыңнан соқпақ салып, деректерді дәйектеуде де соны әдіс-тәсіл пайдалануға шебер ғалымның ұстаздық тұрғыдан ізбасарларына үлгі болар тағылымы мол. Заман ағымына, уақыт сұранысына сай еңбектенуге дағдыланған оның небір қиындықтарды жеңе жүріп төл тарихымызды дамытуға қосқан үлесі аса сүбелі.

Бүгінде тарих, археология және этнология факультетінің сыйлы ұстаздарының бірі Талас Омарбеков қазіргі деңгейіне оңай жетпегенін айта кеткен жөн болар. Мектептен кейін оқуға қиындықпен іліккен ол, өз білімімен, ғылымға деген сүйіспеншілігімен, талабына талпынысы сай екенін дәлелдей отырып,

СПЕЦИАЛЬНОСТЬ

ЛОГИСТИКА -

профессия сегодняшнего дня

Среди научных дисциплин современной экономики большое значение имеет логистика. В переводе с греческого означает «искусство подсчёта». Особую актуальность получила с развитием новых экономических отношений в нашей стране. Логистика занимается исследованием процессов снабжения, поставок и перевозок продукта. Она особенно важна для тех бизнес-структур, которые имеют филиалы в разных городах или поставляют свою продукцию в различные регионы нашей огромной страны.

Казахстан является транзитной страной, соединяющей Европу и Китай. Для этого необходимо развивать логистическую систему, готовить специалистов в данной области.

Для специалистов, которым придется иметь дело с зарубежными поставками и партнерами, важно разбираться и в международной логистике: знать логистические направления развития международной экономики, логистические структуры международного бизнеса, международный логистический менеджмент и др. Отечественный бизнес чрезвычайно нуждается в профессиональных логистах и всячески приветствует дипломированных специалистов, имеющих высшее специализированное образование. А таких пока в Казахстане немного, поскольку отечественные вузы относительно недавно начали подготовку логистов-профи. По специальности «Логистика» обучают на кафедре менеджмента и маркетинга в Высшей школе экономики и бизнеса КазНУ имени аль-Фараби.

Несмотря на столь молодой возраст, специальность «Логистика» является одной из самых популярных среди абитуриентов. Студент специальности «Логистика» получает подготовку по основам производства, транспортировки, торговли, складирования, снабжения и сбыта. Логистика бывает двух типов — внутренней и внешней. Специалисты по внутренней логистике занимаются снабжением и обслуживанием производства и сотрудников внутри компании или холдинга, специалисты по внешней логистике отвечают за распространение товаров и услуг предприятия.

Логист выполняет не отдельные функции, а управляет всей цепочкой поставок, товарными, финансовыми, информационными потоками и человеческими ресурсами. Поэтому выделяют транспортную, закупочную, складскую, производственную логистику, планирование и управление запасами, дистрибуцию. Но даже это не исчерпывает всех возможностей специалиста.

Бакалавры данной специальности могут занимать такие должности как: менеджер по логистике, логист, специалист по логистике, тарификатор, менеджер склада, экспедитор, координатор отдела логистики, ассистент отдела логистики.

В связи с тем, что на данный момент торгово-рыночные отношения между разными странами мира развиваются стремительными темпами, профессию логиста можно назвать востребованной. Получив диплом логиста, вы можете не сомневаться, что найдете хорошую работу и со временем сможете сделать успешную карьеру.

Мы гордимся, что именно наш факультет выпускает специалистов такой нужной и наиболее востребованной профессии, специалистов, владеющих теоретическими и практическими навыками, необходимыми при работе в логистической компании.

Г.Б. НУРСЕЙТОВА,
*к.э.н., старш. преп. кафедры
«Менеджмент и маркетинг»*
А. КЕНЕСОВА,
*студентка 4-го курса
специальности «Логистика»*

Цифрлы Қазақстан – болашаққа нық қадам

Биылғы Жолдауда 2018 жыл – «цифрлық дәуір» өнеркәсібін қалыптастыруға арналған индустриаландырудың үшінші бесжылдығын әзірлеуге кірісу мерзімі деп аталған еді. Жолдаудың жетінші міндетіндегі Елбасының «Жоғары оқу орындары шетелдердің жетекші университеттерімен, ғылыми орталықтарымен, ірі кәсіпорындарымен және трансұлттық корпорацияларымен бірлескен жобаларды бөлсенді түрде жүзеге асыру қажет» - деп тапсырма беруі, сонымен қатар «Білім беру саласына өзінің инвестициялық жобалары мен экспорттық әлеуеті бар экономиканың жеке саласы ретінде қарайтын кез келді» - деп жоғары оқу орындарына жоғары жауапкершілікті жүктеті түссе, жас ғалымдарымызға ғылыми гранттар аясында квота бөліп, оларды қолдаудың жүйелі саясатын жүргізуді ұсынуы болашақ ғалымдарымыз үшін қуанышты хабар.

Осы орайда әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіндегі атқарылып жатқан игі істер Елбасының биылғы Жолдауында аталған тапсырмалардың орындалуына қомақты үлес қосуда. Университет қабырғасында жыл басында ашылған Ақпараттық технологиялар факультеті, оның ішінде «Жасанды интеллект және Big data» кафедрасының қалыптасуы осының айғағы. Техника ғылымдарының докторы, профессор және «2017 жылдың үздік оқытушысы» Уәлішер Тукеев басшылық ететін жаңа факультетте студенттер көптілі білім берудің халықаралық іс-тәжірибесінде қолданысқа енген модель бойынша үш тілде білім алуға.

Осындай мемлекеттік шараларды белсенді орындауға қажетті білікті мамандар даярлауда профессор-ұстаздар білім берумен қатар, ғылыммен де тығыз айналысады. Себебі нарықтық қатынастар жүйесіндегі қоғамның экономикалық мәселелерін шешу механизмдерінің бірі – бәсекелестік орта екендігін ескерсек, жоғарғы талаптарға сай келетін сапалы мамандарды даярлауда «Білім-ғылым-инновация» үштігін білім беру үрдісінде қолдану аса қажет.

Сондықтан, факультет қабырғасындағы профессор-оқытушылар қауымы білім берумен қатар, ғылыми зерттеулермен де айналысып, гранттық жобаларды атқаруда. Оған факультет қабырғасындағы қазіргі цифрлық технологиялар жетістіктерін меңгеруге арналған заманауи зертханалардың қосып отырған үлесі де мол. Олар: «Автоматтандырылған және тұрғызылған жүйелер зертханасы», «Information security laboratories of Kaspersky», «HP зертханасы», «Cisco желілік академиясы», «Өнеркәсіптік контроллер»,

«Өнеркәсіптік информатика» және т.б. зертханалар. Сонымен қатар, бұл зертханалар тәжірибелік сабақтар өткізуде, студенттер мен магистранттардың және докторанттардың да ғылыми жұмыстарын сапалы түрде ұйымдастыру үшін қолданылумен қатар, болашақ жас ғалымдардың өзекті ғылыми тақырыптарды талқылау алаңына да айналған.

Оның үстіне «Ақпараттық жүйелер» мамандығының барлық білім беру деңгейлерінің биылғы ACQUIN – Неміс аккредиттік агенттігінің сертификаттарына ие болуы да жаңа факультеттегі білім беру сапасының жоғары екендігін дәлелдей түседі.

Елбасының биылғы Жолдауында аса басымдық танытатын тағы бір өзекті мәселе – ол Жоғары білім беру ісінде жасанды интеллектпен және «үлкен деректермен» жұмыс істеу үшін ақпараттық технологиялар бойынша білім алған тұлғалар санын көбейту қажеттілігі баяндалды. Сондықтан, қазіргі уақытта Ақпараттық технологиялар факультеті келесі 2018-2019 оқу жылында «Ақпараттық жүйелер» мамандығының аясында «Жасанды интеллект және Big data», «Есептеу логистикасы» секілді мамандандырылу бойынша білім беру бағдарламаларын және аса қабілетті білім алушыларға арналған арнайы R&D аясындағы білім беру бағдарламаларын нарықтағы жұмыс берушілермен тығыз ынтымақтастық, іскерлік қенесу арқылы дайындау үстінде.

Қ.С. БАЙШОЛАНОВА,
*э.ғ.д., профессор,
Ақпараттық технологиялар факультеті*

ALMATY WILL ALWAYS HOLD A SPECIAL PLACE IN OUR HEARTS

Will Dickens and Hunter Bennet conducted Conversation classes for teachers of foreign language department.

Our adventure started January 12, 2018 as we (Will Dickens and Hunter Bennett) stepped on a plane to go from the United States to Almaty, Kazakhstan to experience a new culture. Stepping out of the plane and into a cold and winter climate took both of us by surprise as we are from warm climates. We are from Mississippi and Texas. That did not prepare us for the winter months of Kazakhstan. We endured with joy as we began to meet new people and experience how great Almaty truly is.

New culture included new cuisine, language, celebrations, music, history, and etc. Meeting friends brought us to more and more restaurants to try new foods from all over Central Asia. Locals were willing to show us around; helping with our language barrier while ordering and speaking to people. Gradually, as we learned some of the language, we were able to order taxi's by ourselves resulting in new adventures. We visited, Shymbulak, Medeo, Kok Tobe, the National History Museum, the A. Kasteev State Museum of Arts, and many of the parks.

As mentioned above, people were willing and open to help us in any situation. Many of them spoke English which surprised us. This allowed us to make many friends. Whether it be through English Club, basketball, football, group meetings, or just simply wandering around the city, we met amazing people everywhere we went that testified to the hospitality of Almaty.

Our time here has run out, but both of us will be sad to wave goodbye to our temporary home. We will never forget the people we met and the experiences we had with them. The impact has affected our overall worldview in a positive way which will propel us into wherever life takes us. This time, this place, and this family style atmosphere has motivated us to continue our adventure all around the globe with the goal of experiencing more and more cultures. However, Almaty will always hold a special place in our hearts, and we will hopefully have an opportunity make our way back to this incredible place in the future.

Will Dickens and Hunter Bennett

OUR REAL ACHIEVEMENTS

Today English is one of the widely spoken languages all over the world. It is believed that any people who wish to succeed in their specialized area are expected to master English, as it facilitates further self-development and offers variety of opportunities in terms of in-depth knowledge and necessary practical skills. Nowadays notion of "English as a global language" become a global phenomenon and greater emphasis put on the implementation of English as a main subject of curriculum at the university and school worldwide.



Consequently, English language is regarded as compulsory component of the studying process and is taught in all groups. First year students of special group MCM-17-6A of the faculty of Mechanics and Mathematics at the at the University of KazNU named after al-Farabi strongly believe that studying English, as a part of learning process at the University not only helps them successfully complete the course. But also expand their knowledge and vision of world in whole. Thanks to perseverance and a strong desire to learning this group students are now became proficient users of English with fluent speaking skills and strong English academic skills. In addition, their good comprehension and solid communication convinced university teaching staff

to accept them to special groups where instruction and training are taught and delivered in English. Moreover, it is important to acknowledge the contribution made by the department of foreign languages as these English lessons provided great assistance in preparing students for this special group.

We can say with confidence that the group of MCM-17-6A is the group with the highest English language proficiency. English lessons in this group are very intensive. As well as the main textbook New English File-Upper Intermediate, materials from different sources are used, at the same time it helps students to expand their vocabulary and develop communicative competences. Thanks to

equipped classrooms of the faculty of Mechanics and Mathematics, students have access to a variety of English language learning sites, such as BBC breaking news English, VOA English etc., where students of special group of MCM-17-6A work on texts, on different topics, do interesting tasks, discussions, business games, presentations.

The group of MCM-17-6A has a lot of achievements, and the most important of them is the participation in the international scientific conference of students and young scientists "Farabi Alemi", held in the framework of the V international Farabi readings in the faculty of Philology and World languages. 4 students from the group took part: Karimova Aizhan, Nurgazinova Tolganai, Adilova Saya and Zubairova Malika. Thanks to their reports on valuable scientific topics, they were awarded. Why their reports had scientific value? So the materials of the reports are not only investigated theoretically, but also used the data of the English lessons as an experiment. The topics of the reports were «How to learn foreign language with Mind maps?», «Time management in Kazakh and English». Topics are closely related to the fact that we study and discuss in the classroom. We believe that it is very important to apply the theory into practice, because only with it students can further achieve success in the future.

In conclusion, we would like to say that we are proud to be a student of KazNU, because we have a lot of opportunities to realize our future goals and participate in such large-scale scientific conferences and projects. And we hope that this is not the last victory of the group MCM-17-6A, but only the beginning of the success ladder by which we climb thanks to our mentors, tutors, professional teachers, who help us to go in the right path, and to achieve the best!

U.B. ADILBAYEVA,
Senior-lecturer, candidate of philology

"I think the purpose of life is to be useful, to be responsible, to be honorable, to be compassionate. It is, after all, to matter: to count, to stand for something, to have made some difference that you lived at all." —Leo C. Rosten

Frank Sonnenberg.
Living life with a purpose

Although everyone is different, there are common threads that bind a life with purpose.

Live by your beliefs and values. People who live a life of purpose have core beliefs and values that influence their decisions, shape their day to day actions, and determine their short-and-long term priorities. They place significant value on being a person of high integrity and in earning the trust and respect of others. The result is that they live with clear conscience and spend moer time listening to their inner voice than being influenced by others.

Set priorities. People who live a life of purpose identify those activities that matter most to them and spend the majority of their time and effort in those areas. Otherwise, it is too easy to drift away in the currents of life. As Annie Dillard once said, "How we spend our days is , of course, how we spend our lives".

Follow your passion. People who live a life of purpose wake up each morning eager to face the new day. They pursue their dreams with fervor, put their heart into everything they do, feel that they are personally making a difference.

Achieve balance. People who live a life of purpose put their heart into their career and in building

What is the purpose of life?



Photo by Doszhan Balabekuly

relationships with friends and family. They also reserve adequate time to satisfy their needs.

Make a difference. People who live a life of purpose make a meaningful difference in someone else's life. They do things for others without expectation of personal gain, and gain as much satisfaction witnessing the success of others as witnessing their own. As the old proverb says, "A candle loses nothing by lighting another candle".

Live in the moment. People who live a life of purpose cherish every moment and seek to live life without regret. They take joy in the experiences that life gives and don't worry about keepinh score. Dr. Seuss may have said it best, " Don't cry because it's over. Smile because it happened". (<https://www.franksonnenbergonline.com/blog/living-life-with-a-purpose/>)

Prepared by A.A. MULDAGALIYEVA

Жетім көрсең ЖЕБЕЙ ЖҮР...

Жетім... Бұл жалғыз сөздің өзі жүрекке қалай ауыр тиеді... «Жетім көрсең жебей жүр» деп, бұрынғы ата-бабаларымыз жетім-жесірін аялап ұстап, жылатпаған. Адам баласының бәрінің баратын жері – біреу. Бірақ біреуге – ерте, біреуге – кеш. Жастай үзілген жандардың артында еңіреп ұрпақтары қалып жатыр. Тұл жетім қылған тағдырға дауа бар ма?! Ал қазір, өкінішке орай, жетімнен қарағанда тастанды бала көп...



Қазіргі кезде мемлекетіміз балалар үйіне барынша жағдай жасаған. Бұған әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті география және табиғатты пайдалану факультеті «метеорология» мамандығының студенттерімен бірге «Ақ үміт» балалар үйіне барғанда көзіміз жетті. ҚазҰУ-де сауапты іске баулитын бағдарламаларының бірі «Айналанды нұрландыр» жобасы аясында біз осы «Ақ үміт» балалар үйіне барып, ерекше әсер алып қайттық.

Балалар үйіне кірген бетте алдымыздан жүзі жылы, көздерінен нұр тамған тәрбиешілер карсы алды. Олар бізді балалар отырған бөлмеге апарды. Мөп-мөлдір пәк көздерімен жымия караған балалар алдымыздан жүгіріп шығып, жанымызға келді. Іштей жүрегіміз тулап, көңіліміз босап тұрса да сыртқа білдірмей, біз де оларға күле қарадық. Барлығын әңгімеге тартып, бір-бірімізбен таныса жөнелдік. Бәріміз бірге олардың жақсы көретін әндерін шырқап, ойындарын ойнап, көңіл көтердік. Әрбіреуінің қуанышқа толы көздері біздің жүрегімізге жылу сыйлады. Олардың сол жүздерін көріп, барынша көп уақыт қасында болғымыз келді. Өкінішке орай, тәрбиешілердің бізге берген уақыты бітіп, балалармен қоштасуымызға тура келді. Олардың «кетпеніздерші» деген бірауыз сөздері көңілімізді жабырқатты. Бір сағаттың ішінде бір-бірімізге бауыр басып, кимай қоштастық. Бірақ қанша қамқор болсаң да, өз отбасына, ата-ананың айтқан «айналайын» сөзінің жылылығына ештеңе жетпейтінін ешкім жасыра алмады. Біз де оны байқамай кетпедік... Балалар Қазақ ұлттық университетін ешқашан ұмытпай, сағына тағы күтетіндерін айтып қала берді...

А.Р. СҮЛЕЙМЕНОВА,
метеорология және гидрология
кафедрасының аға оқытушысы

Түлектерімізбен мақтанамыз

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ЖОО-ға дейінгі білім беру факультетінде, оның ішінде ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасында әлемнің түкпір-түкпірінен келген қазақ диаспорасының өкілдері білім алады. Факультеттің негізгі мақсаттарының бірі – шетел азаматтарын және оралман тыңдаушыларды жоғары оқу орындарына түсуге дайындау.



Факультетімізде оқу жұмысымен қатар тәрбие жұмыстарына да баса мән берілетінін айта кетуіміз керек. Қазақ өнері мен дәстүрлерінің қаймағын сақтап қала білген шетелдегі қандастарымыздың университет, қала берді республика аясында өткізілетін түрлі мәдени және тәрбиелік мәні зор іс-шараларға, шығармашылық байқауларға қатысып, университет, факультет беделін арттыруға өзіндік үлестерін қосып жүргені жайлы айта кеткенді жөн көрдік. Бұл ретте «Хабар» арнасындағы «Жастар жырлайды» тележобасына қатысып, жалынды сөздерімен, терең ойларымен айтыс өнерінде өзіндік орнын қалыптастыруға үлес қосқан түлегіміз Қали Сапаұлының есімін атау ләзім. Қ. Сапаұлы университетімізде ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған «Келді ғой, замандастар бізге кезек» деп аталған жыр додасында бас бөйгені жеңіп алған болатын. «Студенттер көктемі» өнер фестиваліне қатысып, дәстүрлі ән номинациясы бойынша 2-орынды иеленген Ботағаз Байтақ та осы факультеттің тыңдаушысы. Тағы бір факультет түлегі Өмірқан Қуанышқанның тырнақалды бір топ

өлеңдері мен ертегі әңгімесі «Шалқар» газетінде жарық көрген.

Мемлекеттік бағдарлама бойынша Ауғанстан Ислам Республикасынан келетін жастардың кара шаңырағымызда білім алғанына биыл жеті жыл болды. Осы уақыт аралығында өздерінің тілдерді меңгеруге өте бейім екендіктерін байқатты. Қазіргі таңда ауған жастары Қазақстанның жоғары оқу орындарында білім алуда. Ауған жастары да өнерден құр алақан емес. Ұлттық өлеңдерін жатқа айтып, әуезді өңдерді нақышына келтіріп орындайды. Би билеп, сурет те салады. Ең қызығы олар қазақ дәстүрлерін, өнерін білуге ұнатады. Үлкенді сыйлау, ұстазға ерекше ілтипат көрсету – ауған халқының тәрбие мәселесінде басты орын алатындығы ауған жастарының іс-әрекетінен, ықпалынан айқын көрінеді.

М.Б. ӘМІРҚАНОВ,
Г.А. ТАСТЕМІРОВА,
Жоғары оқу орнына дейінгі
білім беру факультетінің
аға оқытушылары

Тәрбие мен кәсіби бағыт – егіз ұғым

Әл-фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Алматы қаласының студент жастары мен оқушыларын әскери-патриоттыққа тәрбиелеу бойынша іс-шаралар жүйелі түрде жүргізіліп тұрады. Аталмыш іс-шаралар тек қана тәрбиелік бағытты ғана емес, жоғары сынып оқушыларының болашақ өмір жолы мен мамандығын таңдауға қажетті кәсіби бағыттағы жұмысты да қамтиды.

Сонымен, ағымдағы жылдың 24 мамырында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың әскери кафедрасында Алматы колледждерінің «Технология және флористика» және «Сән және дизайн» мамандығының оқушылары үшін «Ашық есік күндері» өтті.

Жасөспірімдер мен қыздар әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мен оның әскери кафедрасы туралы фильмді тамашалап, тарихи мен түлектерінің жетістіктері жайлы көп мағлұматтар алды.

Сондай-ақ, оқушылар әскери кафедрада ӘШҚҚ және мотоатқыштар әскерлерінің оқу-жаттығу полигондарымен, атыс қаруының көрмесімен, зенит атқыш және БМП-2 механик жүргізушісінің тренажерларымен танысты. Әрбір оқушыға интерактивті лазерлік тирде арудың әртүрлі жаттығуларын орындауға мүмкіндік берілді.

Әскери кафедраның оқу-материалдық базасын көрсету кезінде жоғары сынып оқушылары Қазақстан халқының батырлары С. Нұрмағамбетов пен

Б. Момышұлы атындағы атаулы аудиториялармен және тактикалық, техникалық, атыс дайындығы, әскери топография мен байланыс аудиторияларымен танысты. Мотоатқыштар әскерлері мен ҚӘ ӘШҚҚ әскерлерінің оқу-жауынгерлік техникасы көрсетілді. БМП-2 динамикалық тренажері мен зенит атқыштың электрондық тренажерінің жұмысы оқушылардың ерекше қызығушылығын оятты.

ӘСКЕРИ КАФЕДРА

ЖҮЛДЕЛІ ОРЫНДАР БІЗДЕ

М. Әуезов атындағы ОҚМУ жанындағы Республикалық Оқу-әдістемелік Кеңестің отырысының мамандықтар бойынша шығармашылық жұмыстар (жобалар) байқауында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың «Органикалық заттардың химиялық технологиясы» мамандығының бітіру жұмысы 1-орын алды.

Жақында М. Әуезов атындағы ОҚМУ-де химия-технологиялық, кәсіптік білім, өнер және қызмет көрсету мамандықтары бойынша Республикалық Оқу-әдістемелік Кеңестің кезекті отырысы өтті. Республикалық Оқу-әдістемелік Кеңес Отырысына әл-Фараби атындағы ҚазҰУ атынан «Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы» мамандығының өкілі ретінде доцент Л.Кудреева және «Органикалық заттардың химиялық технологиясы» мамандығының өкілі ретінде доцент П.Үркімбаева қатысты. Отырыста білім беру бағдарламаларын әзірлеу бойынша өзекті мәселелер, яғни, ЖОО білім беру бағдарламаларын талқылау,

пәндерді оқытудың инновациялық әдістерін жетілдіру бойынша ұсынымдар мен ұсыныстар, ОӘБ ЖОО ғалымдарымен әзірленген оқу-әдістемелік материалдарын талқылау және басылымға ұсыну сияқты көптеген мәселелер қарастырылды. Республика көлеміндегі ЖОО әзірленген 18 және (2 ағылшын тілінде) оқу-әдістемелік материалдар, оның ішінде бір оқу-әдістемелік материал әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ғалымдары дайындаған материалы бар, барлығы РОӘК «Оқу-әдістемелік секция баспаға ұсынған» грифiмен бекітіліп, баспада басуға ұсыныс жасалды. Қатысушылар оқу бағдарламаларының халықаралық стандартпен тең болуы үшін жаңа технологиямен бірге, оқулықтың да маңызы мол деп отыр.

Басқосуға еліміздегі 11 бірдей жоғарғы оқу орындарының ұжымдары қатысты. Жоғарыда атап кеткен мәселелермен қатар, М.Әуезов атындағы ОҚМУ жанындағы ОӘБ химиялық-технологиялық, кәсіптік білім, өнер және қызмет көрсету мамандықтары бойынша шығармашылық жұмыстар (жобалар), магистрлік диссертация (жобалары) бойынша конкурсы байқауда қарастырылды. «Органикалық заттардың химиялық технологиясы» мамандығы бойынша

республика көлеміндегі ЖОО-да 30 шақты жұмыстар қарастырса, «Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы» мамандығы бойынша республика көлеміндегі ЖОО 18 жұмыс қарастырды. «Органикалық заттардың химиялық технологиясы» мамандығы бойынша ұсынылған жұмыстардың ішінен әл-Фараби атындағы ҚазҰУ атынан екі жұмыстың біреуі 1-орынға, екіншісі 3-орынға ие болды. «Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы» мамандығы бойынша ұсынылған жұмыстардың ішінен әл-Фараби атындағы ҚазҰУ атынан екі дипломдық жұмыстың біреуі 2-орынға, екіншісі 3-орынға ие болды. Сонымен қатар, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ атынан «Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы» мамандығы бойынша ұсынылған магистрлік диссертация аталған конкурста 2-орын алды. Сонында байқауға қатысқан жұмыстарға қатысты дипломдар мен сертификаттар тапсырылды.

Д. АРТЫКОВА,
х.ғ.к., аналитикалық, коллоидтық химия
және сирек элементтер
технологиясы кафедрасының
БАК жұмысы бойынша жауаптысы,
аға оқытушы

"Bookworld" жобасы

Мамыр айында экономика және бизнес жоғары мектебінде университеттің "100 кітап" жобасы аясында факультетаралық "Bookworld" мега жобасы өтті. Іріктеу кезеңінде бағын сынаған 60 қатысушыдан 6 оқырман жүзден жүйрік болып, финалдық кезеңге жолдама алды.

"Сұңқар" студенттер мен магистранттар кәсіподағының қолдауымен өткен бұл мега жобаның басты жүлдесі – Ыстықкөл спорттық-сауықтыру лагеріне жолдама болды. Финалдық кезеңге физика-техникалық факультетінен Нұрсұлтан Нұрмағанбетұлы, филология және әлем тілдері факультетінен Акерке Бегалиева, Орынғұл Алмат, Арайлым Серікова, журналистика факультетінен Балерке Серікқызы, ал экономика және бизнес жоғары мектебінен Мадина Бахаева топ жарып шықты.

Ең үздік оқырмандар бәйгесінде әділқазы алқасына жүзден жүйрікті анықтау қиынға соққанымен, келесі қатысушылар ең үздік деп танылды. 1 орын – Балерке Серікқызы, 2 орын – Серікова Арайлым, 3 орын – Мадина Бахаева. Сондай-ақ қалған қатысушылар әртүрлі номинациялармен және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

У.М. СЕРМАҒАМБЕТ,

Менеджмент және маркетинг кафедрасының ассистенті

«Ең үздік студенттік топ – 2018»

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Ең үздік студенттік топ – 2018» байқауының ақтық сайысы өз мәресіне жетті. Жарыстың соңғы кезеңінің мақсаты студенттерді өте күрделі жобаларға баулу болды. Өз факультеттерінің беделін қорғап шыққан әр топ Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Рухани жаңғыру» бағдарламалары аясында өздерінің жобаларын қорғады. Факультетінен суырылып шыққан топтардың қорғауымен бір-бірінен өткен керемет, ақылды және мұқият жасалған жобалардың куәсі болдық. Байқауды бастан-аяқ ұйымдастырып, студенттерді осындай игілікті іске баули білген «Сұңқар» студенттер кәсіподағы.

ФИНАЛИСТЕР БҰҒАН ДЕЙІН ҚАНДАЙ КЕЗЕҢДЕРДЕН ӨТТІ?

Айта кетейік, 2012 жылдан бері бастау алған жоба студенттердің белсенді азаматтық ұстанымын қалыптастыру, үздік студенттер тобын шығару және ынталандандыру мақсатында жүргізіліп келеді. Осы жылы 8 факультеттен ең үздік 8 топ қатысты. Байқау барысында студенттік топтардың тапқырлығын, білімділігін және ұйымдастырушылық қабілетін жоғары деңгейде көрсетуі – қатысушыларға қойылатын басты талап болды.

Студенттердің жалпы оқу үлгерімі, ғылыми, мәдени және қоғамдық шаралардағы



белсенділігі, өзін-өзі басқарудағы ұйымдастырушылық қабілеттері сыналатын дода төрт деңгейде өткізілді. Бірінші факультет деңгейінде ең білімді, ең үздік, ең ұйымшыл топтар тандалып, университеттік додаға жіберілді. Университеттік деңгейдің бірінші кезеңінде студенттік топтар өз факультеттерін қызықты бейнероликтер арқылы таныстырып, өздерінің ұйымшылдығын көрсете білді. Байқауда әр топ ерекше костюмдер киіп, өздерінің таланттарымен тәнті етті. Байқауға қатысқандар өз факультеттерінің намысын қорғайтын болғандықтан, қатысқан студенттер бар күш-жігерлерін салып жарысты. Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар 6 студенттік топ байқаудың келесі кезеңінде өз бақтарын сынауға жолдама алды. Студенттердің ең сүйікті жобасына айналған «Ең үздік студенттік топ-2018» байқауының екінші кезеңінің нәтижесі бойынша «Таныстыруда» барлық топтар өздерін таныстырды. Үшінші кезеңде студенттік топтар өздері түсірген

Елордамыз Астана қаласының 20 жылдық мерейтойына орай «Астанама - 20 жыл» атты бейнероликтерін көрермен назарына ұсынды. Сонымен қатар, «Айналанды нұрландыр!» және «Алма-Қала» акциялары төңірегінде ҚазҰУ қалашығында көшеттер отырғызылып, абаттандырылды. Бұл акцияларға «Ең үздік студенттік топ - 2018» қатысушылары да шет қалмастан ат салысты.

Бір-бірінен өткен керемет жобалардың баршасы ҚазҰУ қалашығының экологиясын тазартып, студенттердің қызметіне жарайтын, Smart city үшін арналған жобалар болды. Дәстүрге айналған «Ең үздік студенттік топ-2018» байқауының жүлделі үшінші орынды иеленген топ «Мәдени орынға жолдама» алса, екінші орынды алған топ Ыстықкөлге жолдама алды. Бірінші орынды иеленген студенттік топқа Астана мерекесіне орай Елордамызға қыдырып қайтуға жолдама берілді.

Нұрсұлу ТӨЛЕН,

журналистика факультетінің студенті

ТАҒЫЛЫМЫ МОЛ ДӘРІС



Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ қабырғасында АҚШ-тың Мичиган мемлекеттік университетінің профессоры, Пулитцер сыйлығының лауреаты, Knight Center for Environmental Journalism орталығының директоры Эрик Фридманмен кездесу өтті.

Айта кетейік, Эрик Фридман Мичиган университетінің журналистика факультетінің профессоры. Мичиган университетіне 1996 жылы оқытушылық қызметке келгенге дейін 20 жыл бойы Нью-Йорктегі және Мичигандағы жергілікті газеттерде журналист болып қызмет атқарған. «Фулбрайт» бағдарламасы, журналистика мамандығы бойынша, 2002 жылы Өзбекстандағы, Ташкент қаласындағы әлем тілдері университетінің стпбпендиаты. Сонымен қатар 2001 жылы Каунас қаласындағы Витаутас Магнус Университетінің түлегі. Ол жылына екі рет «Ашық қоғам» қорының академиялық стипендиялық бағдарламасы бойынша Қырғызстанға келеді. Оқу бағдарламасын дайындауға көмектеседі және Орталық Азиядағы Америка университетінің журналистика және бұқаралық коммуникация факультетінің профессорлық-оқытушылық

құрамымен бірге ғылыми жұмыстармен айналысады.

Студенттер, магистранттар мен оқытушыларға арналған Эрик Фридман дәрісінің басты тақырыбы «Нәсілшілдік және Ақ Үй - Джордж Вашингтоннан Барак Обамаға және Дональд Трампқа дейін» деп аталды. Дәріс Шығыс Қазақстан облысы Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетінің студенттерімен тікелей байланыс орнату арқылы, қосымша Онлайн режимде өткізілді. Тақырыпқа сай

дәріс барысында 1787 жылғы АҚШ-тағы Конституциялық жиын қабылдаған әрі Конституциялық заңнамасымен енгізілген құқықтарға сәйкес алғашқы АҚШ Президенті Джордж Уошингтоннан бастап қазіргі АҚШ Президенті Дональд Трамптың ғұмырнамалық деректері, саясатқа келуі жайлы құнды ақпараттар берілді. Арнайы тұсаукесерлік жұмыста Авраам Линкольн, Франклин Д.Рузвельт, Джон Ф.Кеннеди, Ричард Никсон, Рональд Рейган, Джордж У.Буш, Барак Обама, Дональд Трамп сияқты т.б. саяси тұлғалардың бейнелері көрсетіліп, бізге беймәлім қырлары ашылып, саяси сауатымыздың деңгейінің артуына қажетті ақпараттар берді. Тәжірибелік әрі танымдық дәрістің өткізілуіне тікелей арқау болған журналистика факультеті деканының ғылыми-инновациялық жұмыс және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі орынбасары Қарлыға Мысаева. Небәрі бір жарым сағатқа созылған дәрісте студенттер көкейтесті сұрақтарын қойып, профессор Эрик Фридманның тарапынан саликалы, сараптамалық, тұщымды жауаптар ала алды. Ал біз өз кезегімізде шара ұйымдастырушылары мен профессор Эрик Фридманға алғыс білдіреміз.

Назым САМЕТ,

Журналистика факультетінің 2 курс студенті



Ө. А. Жолдасбеков атындағы студенттер сарайында 1 маусым күні сағат 18.00-де Халықаралық балаларды қорғау күніне арналған мерекелік шара өтеді

ПРОФЕССИЯ МЕТЕОРОЛОГ-СИНОПТИК

Погода – это непрерывно меняющееся состояние атмосферы, характеризующееся совокупностью метеорологических элементов в определенный промежуток времени над рассматриваемым районом. И атмосферу, являющуюся воздушной оболочкой Земли, следует рассматривать как живой организм, в котором возникают возмущения самых различных масштабов со своими отличительными чертами.

При составлении прогноза погоды синоптики используют синоптико-статистический, физико-динамический и численные методы, а они в свою очередь имеют погрешности, вследствие которых прогноз с высокой оправдываемостью (90-100%) может и не оправдаться.

В последние годы РГП «Казгидромет» уделяет все больше внимания численному методу прогнозирования. Анализируя состояние атмосферы и интенсивность происходящих в ней процессов за последние 24 часа, синоптик наблюдает за перемещением циклонов и антициклонов, облачностью, наличием и температурой в облаке и т. д. Затем учитывает и результаты, полученные благодаря математически обоснованным, так называемым численным методам прогноза.

Еще недавно Казахстан переживал трудные периоды, но уже сегодня согласно проекту модернизации «Казгидромет» открываются метеорологические станции, обновляется оснащение оборудованием, специалисты обучаются и стажироваются в странах Европы и Азии.

Не маловажную роль в неточности прогнозов играет метеорологическая освещенность информацией, недостаточность станций

на территории республики, особенно зондирующих атмосферу, не достаточно также одноразовое зондирование атмосферы. По оценке некоторых исследований, ещё в советское время количество радиозондирующих станций на территории Казахстана должно быть не менее 40 с четырёхразовым зондированием. Этот вопрос предполагается решить в связи с модернизацией нашей службы.

Аномальные опасные и стихийные явления имеют разную заблаговременность, но при составлении прогнозов об опасных, стихийных гидрометеорологических прогнозах они немедленно передаются по «схеме доведения предупреждений о возможности возникновения стихийных гидрометеорологических явлений органам государственного управления, и в первую очередь МЧС».

Теперь о кадрах. «Кадры решают все». Но на сегодня – это молодёжь, которую необходимо обучить, а также сделать какие-то льготы, чтобы их сохранить на будущее.

И единственной в Республике осуществляющей подготовку специалистов-метеорологов является кафедра метеорологии и гидрологии Казахского национального университета им. аль-Фараби.

Кафедра метеорологии открыта 1 сентября 1962 года. Первым заведующим кафедрой метеорологии была к.ф.-м.н., доц. Коженкова З.П. Первый набор студентов по специальности «Метеорология» произведен в 1960 году, первый выпуск инженеров-метеорологов состоялся в 1965 году.

В связи с прошедшими структурными изменениями в Казахском национальном университете им. аль-Фараби с сентября 2011 г. на факультете географии и природопользования организована новая кафедра – кафедра метеорологии и гидрологии. Она образована на базе слияния кафедр метеорологии и гидрологии суши.



На кафедре работает Учебно-лабораторный метеорологический центр (УЛМЦ), который включает в себя: учебную метеорологическую станцию, учебное бюро погоды, учебные лаборатории по метеорологии и радиометеорологии и климатических изменений, Центр системы дистанционного обучения (СДО) для национальных гидрометеорологических служб Центральной Азии (НГМС ЦА), гранта Всемирного банка.

Метеорологи работают на метеорологических станциях и постах, в

научно-исследовательских подразделениях Казгидромета, Минобороны и Казселезащиты, Казэронавигации и Института географии. Также метеорологи работают в частных компаниях, обеспечивающих прогнозами авиацию, сельское хозяйство, строительство.

**Г.Т. МУСРАЛИНОВА,
Г.Т. СУЛЕЙМЕНОВА,**
кафедра метеорологии и гидрологии
КазНУ им. аль-Фараби

Менингит - мидың шырышты және жұмсақ қабының қабынуымен ерекшеленетін, ауа тамшы арқылы берілетін жедел жұқпалы ауру. Менингит ауруын тудыратын себептер бойынша: бактериологиялық, вирусты, болып бөлінеді, ал қабыну жағдайы бойынша іріңді, серозды болып бөлінсе, басқа аурулардың құлақ, мұрын, бас қуысының жарақаттарының себебінен, негізгі және қосалқы менингит болып сараланады.

МЕНИНГИТ

жолдарының кілегей қабығына микроб еніп, 10-15 пайыз көлемін мұрын, көмей жолдарын ғана қабындырады.

Ал, кейде микроб ми қабығында орнығады да, мидың жұқа және тор қабыршағын қабындырады екен. Мидың негізгі бөлігінде оның жарты бөлігінің алдыңғы жағы, жұлынның қабығы зақымдалып қабынып, тіпті мидың тіндеріне де әсер етіп, іріңді, сулы жиынтқытары кепкенде, ми қабығы кеуіп кеуіп тудырады екен.

Менингококк жұқпасы микроб уының зияндығы сонша, ол қан арқылы тарап, майда қан айналымын бұзып, капиллярларда қан қоюланып, ішкі зат алмасуы нашарлап, теріде, кілегей қабаттарында, бүйрек жолдарында қан құйылып, осының салдарынан ми ісініп, қан жиынтқытары кепкенде, ми қабығы кеуіп кеуіп өліп кетуі жиі кездеседі.

Менингит жұқпаларының қай-қайсы түрі бойынша ауру белгілері өте сәйкес, бастың қатты ауруы, жүрек айнуы, құсу, дене қызуы көтерілуі, жұтқыншақтың артқы жағы ісініп, мойын етінің қабынып, бездерінің ұлғайуы, аяқ-қолдарын соза алмауы, әлсіздену, жарыққа қарай алмау, денеге қол тигізсе ауырсыну, алайда балаларда да, үлкендерде де алғашқы күндері бұл белгілердің кейбіреуі байқалмауы да мүмкін.

Көп жағдайда менингит ауруының пайда болуына жоғарғы тыныс жолдарының қабынуы да себеп болуы мүмкін. Өте жиі кездесетін менингиттің түрлері:

Менингококк – мидың қабынуы жедел басталады, науқас қалшылдап, мазасызданып, қызуы көтеріліп, басы ауырып, жарықтан, шудан қорқу пайда болады, балаларда тырысу қарысу жиі кездеседі. Бірінші күннен бастап мидың қабыну белгілері өрбиді, мойын етінің қатаюы, нәрестелердің енебегі ісініп қатайды. Науқас басын шалқайтып, аяғын бүгіп қырынан жатады. Сана сезімі ауысып, айқайлап, сандырақтап, аяқ қолы тырысады. Сіңір буын рефлексі күшейеді. Ал кейбіреулерде мидағы нерв жүйелерінің зақымдануынан көз, құлақ

қызметтерінде өзгерістер пайда болады. Науқастың көпшілігінде 2-5-ші күндерінде денесі ұшық бөртпелерімен жабылады. Егерде уақытылы сапалы дұрыс ем алса, 14 -15 күнде науқас сауығады.

Ал асқынғанда жұқпаның уы одан әрі өрбіп, мидың ісінуі туындайды, мұндайда науқас есінен айырылып, еңгігіп, жүрегі жиі қағып, жалпы жағдайы нашарлайды

Менингококкемия – бұл менингит ауруының ең қауіпті түрі, тез басталып, шапшаң өрбиді. Дене қызуы 40С°, тіпті одан да жоғарыға көтеріледі, 5-15 сағат аралығында денеле қанды жұлдыз тәрізлес бөртпелер пайда болады, кейбір жерлерде қанталап шоғырланады, Қанталаған жерлер саусак ұштарында, құлақта көрініп, онда жансыздану, көгеру пайда болады. Мұнда мидың қабынуы болмайды. Менингиттің бұл түрінің ерекшелігі, дене қызуы да күрт төмендеп, қан қысымы азайып, жүрек соғуы жиілеп, еңгігіп, көгеріп, денеле көгерген бөртпелер пайда болады. Аяқ қолдары тырысып, тыныс алуы қиындап, науқас өліп кетеді.

Іріңді менингит ауруы қоздырушы бактериялар (гемофилді таяқша, пневмококк, менингококк, стафилакокк,) синусит, остеомиелитпен ауырғандармен қарым-қатынаста болған жағдайда, бас сүйектің жарылуы салдарынан болуы мүмкін.

Пневмококты менингит - көбінесе 30 жастан асқан адамдарда кездеседі, пневмониямен, отитпен, синуситпен, эндокордит аурулары жағдайында дамуы мүмкін.

Серозды менингит дене қызу көтерілуі 38-40С°, өте қатты бас ауруымен, құсумен, бұлшық еттері ауыруымен, іші өтеді, мазасыздану, аяқ қолдары сіреседі, сандырақтайды. Серозды менингиттің қоздырғыштары Echo және Коксаки энтеровирустары, ауру көздері энтеровирусты науқастар және қоздырғыш тасымалдаушылар болып табылады. Серозды менингит қоздырғышы адамға су, көкөністер, тағамдар, кір қолдардан жұғады, көбінесе көлдерде, қауыздарда суға



шомылғандар арасында тіркеледі. Көбіне 3-6 жас аралығындағы балалар арасында тіркеледі, ересектер өте сирек ауырады, өршу кезеңі жаз мезгілі.

Серозды менингиттен сақтану тәсілдері болып, әсіресе жас балаларға суға шомылуды мүмкіндігінше азайту, көкөністерді, жеміс-жидектерді қайнаған сумен шаю, тазалап жуу, жеке бас гигиенасын қатаң сақтау, қолды сабынмен жуу.

Менингит жұқпасымен ауырып қалмауға кеңес ретінде айтарым салауатты өмір сүру, дұрыс тамақтану, дәрумендерді қолдану, дұрыс ұйықтау, шынығу, көп қозғалу, жаман әдеттерден сақ болу, көңіл-күйдің жоғары болуына көңіл бөлу.

Жоғарғы тыныс ауруларымен ауырған жағдайда дәрігерге қаралып, тиісті ем алған дұрыс. Ал, егерде менингит жұқпасымен қатынаста болған жағдайда тексеруден өткен және де дәрігердің бақылауында болған абзал.

Менингит ауруымен ауырған науқастар, ауруханалық ем алғаннан соң, қосымша зертханалық зертпелер жасап, ұйымдасқан орындарға кемінде 10 күннен соң баруы тиіс.

К. М. ХАСЕНОВ,
Қоғамдық денсаулық сақтау
департаментінің Бостандық аудандық
қоғамдық денсаулық сақтау
басқармасының басшысы

В рамках проекта «100 книг» на факультете филологии и мировых языков была организована акция «Я читаю книги #Я в тренде»

Жалғасы. Басы 1-бетте

ҚАЗҰУ-ДЫҢ ӘР ЖЫЛҒЫ ТҮЛЕКТЕРІ БАС ҚОСТЫ



ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық
университетінің
ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор: **Саягүл ӘЛІМБЕКОВА**
Тілшілер: **Айнур АҚЫНБАЕВА, Ақмарал АЛИЕВА**
Дизайнер – **Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ**
Фототілші – **Марат ЖҮНІСБЕКОВ**
Корректорлар: **Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Қарлыға ИБРАГИМОВА**

МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 7,
ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны:
377-33-30, ішкі: 11-94,
тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай:
kazuniver2016gazeta@gmail.com

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп,
беттелді. АҚ "Алматы-Болашақ" баспаханасында
басылды.

Бағасы келісім бойынша.

Таралымы 1000 дана
Тапсырыс: №587

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.